

«Қазақ тілін білгенің – өз еліңді сүйгенің» атты факультетаралық пәндік олимпиада

2021 жылдың 17 ақпанында Қарағанды техникалық университетінің қазақ тілі және мәдениеті кафедрасының ұйымдастыруымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында «Қазақ тілін білгенің – өз еліңді сүйгенің» атты студенттердің факультетаралық пәндік олимпиадасы өтті. Пәндік олимпиаданы ұйымдастырушылар: ҚТЖМ кафедрасының меңгерушісі Қ.С. Калыбекова, оқытушылар Г.Қ. Сағатова, А.Б. Аширбекова, Н.А. Конурова.

Олимпиада екі кезеңнен тұрады:

I кезең – диктант жазу (жазбаша жұмыс).

II кезең – шығармашылық жұмыс (ауызша).

Олимпиаданың мақсаты:

- мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру;
- дарынды студенттерді анықтау және оларға қолдау көрсету;
- студенттердің оқу-танымдық білімдерін дамыту;
- халықтар достығын нығайтуға, мәдениаралық байланыс жасауға ықпал

ету.

Олимпиадаға университет факультеттерінен барлығы 12 студент өтінім білдірді.

Олимпиада қорытындысы бойынша 125 ұпай жинап, ЭЭ-20-4 тобының студенті Кифель Франц, (жетекшісі К.К. Нуржанова) бас жүлдеге, 95 ұпаймен ВТ-20-3 тобының студенті Созыкин Игорь (жетекшісі М.С. Амангельдина) I орынға, 87 ұпаймен Маш-20-3 тобының студенті Габдрахманов Даниль (жетекшісі Т.Х. Абдыкадырова) II орынға, 78 ұпаймен ХТОВ-20-2 тобының студенті Кулгунина Регина (жетекшісі Э.К. Тусупбекова) III орынға ие болды.

Барлық қатысқан студенттерге Алғыс хат және жүлделі орындарға ие болған студенттерге Диплом мен сыйлықтар тапсырылды.

Пәндік олимпиадаға қатысқан студенттердің біліміне баға берген әділқазы мүшелері п.ғ.м. аға оқытушы К.К. Нуржанова, ҚарТУ мұражай меңгерушісі Д.С. Исайынова.

Олимпиада соңында әділқазы мүшелері студенттер мен жетекшілеріне алғыстарын айтты. Еліміздің болашағы сауатты да, білімді жастардың қолында екенін айтып пікірлерін білдірді.

